



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

сүйрейді. Еліміздің өркендеуіне ықпал етеді. Мемлекеттік тіл-қазақ тілі еліміздегі барша халықты біріктіретін, мемлекеттің мемлекеттілігін айқындайтын негізгі тіл болса, ағылшын тілі ғылым мен техниканы дамытатын, өзге елдермен терезесін теңестіретін тіл болуы тиіс. Әрі біз «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» мақалының өрісін мейілінше кеңейтіп, ой мен жүрекке тоқи білсек, анық білім мен көркем мінездің иесі атанамыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. (Қазақстан халқына жолдауы). Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Хасанұлы Б. «Тілдік қатынас негіздері».– Алматы, 2006.
3. Әбдуәли Т. «Үштұғырлы тілден түңілмейік» – Жетісу, №31. 2008
4. Тәңірбердіқызы Т. «Ағылшын тілі мемлекеттік тілмен бәсекелес емес» – Қазақ әдебиеті, №48. 2008

ӘОЖ 811.512.122+811.111

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «АНГЛИЦИЗМДЕР»

Жұмасатова Шынар Бисенбекқызы

shynar.zhumassat@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Журналистика және саясаттану факультеті, Журналистика мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші –Р. Е.Кусаинова

Әр халықтың тілі – уақыт өте келе жаңарып, көне сөздер қолданыстан шығып, кірме сөздермен толығып отырады. Қазақ тілі де солай. Еліміз тарихта талай шет мемлекеттермен байланыс орнатқаны белгілі. Нәтижесінде қазақ тіліне араб, парсы, моңғол, орыс тілдерінде сөздер еніп, сіңісіп кетті. Нақтырақ айтқанда мұғалім, нөкер, кітап, жәрмеңке, сөмке деген сөздердің тарихы басқа елдерден келген дегенге сену қиын. Және олардың да өз ерекшеліктері бар. Мысалы, араб тілінен қазақ тіліне оқу – білім саласындағы мектеп, кітап, ғылым, әдебиет деген сөздер енген болса, моңғол тілінен нөкер, жарлық деген тарихи сөздер мен Алтай, Зайсан сынды жер-су аттары енген. Бұдан кез-келген халықтың тілі жеке өмір сүрмейтіндігін байқаймыз.

Лингвистика ғылымында англицизмдер деген ұғым бар. Бұл ағылшын тілінен енген сөздер. Соңғы 20-30 жылдар ішінде қазақ тіліне ағылшын тілінің сөздерінің қарқынды енгені соншалық, бұл құбылысты лингвистер ағылшын-қазақ билингвизм құбылысы деп атап жүр.

Ал енді «Халықаралық қарым-қатынас тілі- ағылшын тілінен қазақтарға қандай сөздер енген?» деген сұраққа жауап берейік.

1. Интернационалды сөздер (интернет, кастинг, т.б.)
2. Жаңа техника атаулары(монитор, калькулятор, т.б.)[2]

Англицизмдер лекцикалық, семантикалық болып екіге бөлінеді.

Лекцикалық англицизмдер дегеніміз – дыбыстық өзгеріске ұшырап немесе жаңа ұғымдармен бірге туып қолданысқа енген терминдер. Мысалы, «computer center» – компьютер орталығы.

Семантикалық англицизмдер дегеніміз – сөзбе-сөз аударылып, ешқандай өзгеріске ұшырамай қолданысқа енген сөздер. Мысалы, «fast food» – фаст фуд.

Көбінесе, кірме сөздер қабылдаушы елдің грамматикалық заңдылықтарына бейімделеді. Мысалы, ағылшын тілінен енген «рельс» деген сөз ағылшынша жекеше түрде «rail» болса, көпше түрде «rails» болып айтылады. Ал қазақ тілінде ол көпше түрінде алынып «рельс» деп аталып, көпше түрде «рельстер» деп айтылады. [2]

Англицизмдердің екі түрлі жасалу жолы бар.

1. Қазақ тілінде мүлде болып көрмеген ұғымдар: fast food – фаст фуд, hot dog – хот дог, computer – компьютер, notebook – ноутбук, scrub – скраб, mentality – менталитет, bowling – боулинг, printer – принтер, file – файл, yogurt – йогурт, medicine – медицина, calculator – калькулятор, monitor – монитор, т.б.

2. Бұрыннан бар атаулар уақыт өте келе жаңарып, қолданысқа енген сөздер: journalist – журналист, candidate – кандидат, т.б. [1]

А.М.Қызырова «Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі» атты диссертациялық жұмысында қазақ тіліне ағылшын тілінен енген сөздерді талдап, кәсіп бойынша топтастырып, талқылап қарастырған.

Мысалы, ақша және ақшаға қатысты ұғымдар: доллар, банк, пин код, т.б.

Кәсіп түрлері: бизнесмен, аудитор, менеджер, т.б.

Жазбаға қатысты: майл, сайт, файл, т.б.

Өлшем бірліктер: байт, мегабайт, гигабайт, т.б.

Тіл зерттеушілерінің зерттеуінше күніне орта есеппен қазақ тіліне 300 дей жаңа сөз енеді екен. Басым көпшілігі – ағылшын сөздері.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Нүргелді Уәлиұлы өз сөзінде «біршама уақыт бәсекелесе қолданыла келген шеттілдік сөздер, ендігі жерде балама сөзге орын берді. Мысалы көлік (транспорт емес), төрелік сот (арбитраж емес), төреші (арбитр емес), жалға беру (аренда алу емес), жалгер (арендатор емес), мұрағат (архив емес), бос орын (вакансия емес), тізім (ведомость емес), рұқсатнама (виза емес), өмірбаян (автобиография емес), мекенжай (адрес емес), кесте (таблица емес), келісімшарт (контракт емес), құжат (документ емес), төлқұжат (паспорт емес), сынып (класс емес), кеден (таможня емес), ұлықтау (инаугурация емес), керек-жарақ, мүкәммал (инвентарь емес), нұсқаушы (инструктор емес), нұсқау (инструкция емес), ақпарат (информация емес), күнтізбе (календарь емес), хұснихат (каллиграфия емес), біліктілік (квалификация емес), іссапар (командировка емес), сараптау (экспертиза емес), ұжым (коллектив емес), жарғы (устав емес), құзыр (компетенция емес), тәркілеу (конфискация емес), несие (кредит емес), жиһаз (мебель емес), әдіс (метод емес), әдістеме (методика емес), нысана (объект емес), әкімшілік (администрация емес), пайыз (процент емес), шәкіл (шкала емес), зейнетақы (пенсия емес), зейнеткер (пензионер емес), мердігерлік (подряд емес) деп көрсетеді. [3]

Қазіргі таңда ғалымдар англицизмдерді өзіндік ерекшеліктеріне байланысты 6 топқа бөліп қарастырып жүр.

1. Тікелей кірген.

Түпнұсқадағы сөздер тілімізде тура мағынасында қолданылады. Мысалы: *weekend* – (уик-энд) – демалыс күндер, *black* – (блэк) – қара, *mane* – (мани) – ақша, *party* – (парти) – сауық кеші, *girl* – (гурл) – қыз, *boy* – (бой) – бала, *friend* – (френд) – дос, *sponsor* – (спонсор) – демеуші, *price* – (прайс) – баға, т.б.

2. Гибридтер.

Бұл шет тіліндегі сөзге қазақ тілінің жұрнағын, қосымша, жалғауын жалғау арқылы пайда болған сөздер. Бұл жағдайда шет тіліндегі сөздің мәні өзгереді. Мысалы: «*ask*» – *аскать* – өтіну, «*busy*» – *бюзить* – мазасыздану мағынасында, «*сору*» – *копилаймын* – көшірме жасаймын, т.б.

3. Калька (көшірме).

Фонетикалық дыбысталуы жалпы формасы сақтай отырып қолданылатын, шет ел сөздері. Мысалы: *menu* – *меню*, *the disk* – *диск*, *the virus* – *вирус*, *the club* – *клуб*, *password* – *пароль*, *cooler* – *кулер*, *mixer* – *миксер*, *toaster* – *тостер*, *blender* – *блендер*, *antifreeze* – *антифриз*, *bulet* – *булет*, *device* – *девайс*, *hacker* – *хакер*, *obgreyd* – *обгрейд*, *click* – *кликать*, *blog* – *блог*, *smile* – *смайлик* және т.б.

4. Экзотизмдер (Ерекше сөздер).

Басқа халықтың ерекше ұлттық дәстүрін сипаттайтын, біздің табиғатымызға жат өз мағынасында сақталатын сөздер. Бұл сөздердің ерекшелігі, қазақ тіліндегі синонимдерінің болмауы. Мысалы: *chips* – *чипсы*, *hot dog* – *хот-дог*, *cheeseburger* – *чизбургер*, *football boots* –

бутсы, fishburger – фишбургер, pudding – пудинг, yogurt – йогурт, barbecue – барбекю, бифштекс – beefsteak, cocktail – коктейль, jacuzzi – джакузи және т.б.

5. Колориттер.

Бұл сөздердің лексикалық баламалары болады, бірақ олардан стилистикалық ерекшелігі бар және қандай да бір қарым-қатынас саласында сөзге ерекше мәнер беретін мәнерлік құралы ретінде бекітіледі. Мысалы: *OK – О'кей, wow – вау, super – супер.*

6. Композиттер.

Екі ағылшын тілінен тұратын сөздер. Мысалы, *second hand – (секонд-хенд) – қолданылған заттарды сататын дүкен, Video Salon – (видео-салон) – фильм көретін зал, time-out – (тайм-аут) – уақыт бимті, fast food – (фаст фуд) – тез әрі жеңіл тағам, News maker – (нюс-мейкер) жаңалық жасаушы, Price List – (прайс-лист) тауарлар мен сорттары, қызметтер бойынша бағалар анықтамалығы, және т.б. [4]*

Осы ретте көкейіңізде «шет мемлекеттерден енген кірме сөздердің не керегі бар?», – деген сұрақ тууы мүмкін. Әрине, «таяқтың екі ұшы бар» деген сияқты, бір жағынан кірме сөздер тілімізді бұрмалап, түпкі құнарлығынан айырып жатқандай көрінетіндігі рас. Дегенмен екінші жағынан, әлемдік терминдер арқылы тіліміздің аясы кеңуде.

Байқағандарыңыздай, бұрындары басқа тілден еніп, қолданылып жүрген сөздер уақыт өте келе қазақшаға аударылып, төл сөзіміз секілді қолданысқа еніп жатыр. Яғни бұл да қазақ тілінің өзіне ғана тән ерекшеліктерін сақтап қалу үшін жасалып жатқан игі бастама. Бірақ біз ағылшын тілінен енген сөздерді тікелей емес, орысша аудармасынан аламыз. Мысалы, ағылшынның «computer» деген сөзін орыстар «компьютер» деп аударып өздерінің тілдеріне икемдеп алды. Ал қазақтар орыс тілінің әсерімен бұл сөзді солай атап жүр. Егер ағылшын тілінен тікелей аударар болсақ, бұл сөзді қазіргі күні «компутер» деп атап жүрер ме едік? Айтайын дегенім, біз әлі де болса, орыс тілінің шырмауынан шыға алмай, тіліміздің көркемдігіне сызат түсірудеміз. Бұл бір ғана мысал. Одан бөлек, «football», «company» деген сөздер тағы бар. Бірақ, заман талабына сай өзге тілдің де сөздерін қолданысқа енгізудің әбестігі жоқ. Және халқымыздың рухани ұстазы, Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынов айтқандай, «түркі дүнесінің ең тамашасы- қазақ тілі». Біз осы құндылығымызды көзіміздің қарашығындай қорғай білуіміз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Момынова Б.К. Иноязычные заимствования в современном казахском языке [Электронный ресурс: <http://inlang.linguanet.ru/ScientificWork>]
2. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. / Изд. 2-ое. – М.: Сов. Энциклопедия, 1969. – 255 б.
3. Тіл және қоғам альманағы, №3, 2009 Б. 70-74
4. «Ұлағат» республикалық ғылыми психологиялық және педагогикалық басылым Б. 17-30
5. www.kazorta.org
6. www.infourok.ru
7. www.repository.nkzu.kz